



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

жер» необходимо укрепить в сознании народа общенациональные святыни, что является важным шагом на пути реализации проекта «Туған жер» – «Туған ел», «Мәңгілік ел».

Одним из оснований духовной традиции, являются святыне места, носящие общенациональный характер, известные любому представителю этого народа. Для Республики Казахстан это крайне важно. Казахстан – огромная по территории страна с богатой духовной историей, в которой не прерывалась связь поколений. Однако, как отмечал в своей программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Н.А. Назарбаев, за всю историю у нас не создавалась единая ветвь значимых, с точки зрения духовного наследия и культуры, святынь мест. Речь не идет о реставрации памятников и сооружений, в этом направлении делается немало. Задача в том, чтобы связать в национальном сознании воедино каркас нашей национальной идентичности. Концепция виртуального музея крайне важна на сегодняшний день. В век информационных технологий нам необходимо связать наши святыне места с технологией, позволяющей увидеть символическое наследие народа сидя дома у экранов монитора [1].

В данной статье Президент РК предложил Проект «Духовные святыни Казахстана» или «Сакральная география Казахстана». Он имеет неоценимое аксиологическое значение в условиях глобализации, поскольку позволяет нашему народу противостоять чужим идеологическим влияниям. Сегодня уже определен список 100 сакральных мест Казахстана. На наш взгляд, каждый из этих объектов должен быть максимально представлен в виртуальной форме. Не каждый гражданин нашей страны может посетить непосредственно эти сакральные места и другие культурные объекты, но виртуальные музеи, виртуальная подача культурных объектов позволит приобщиться к культурному наследию народа, являющимся основой модернизации общественного сознания.

#### **Список использованных источников:**

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. – Астана, 2017.
2. Файзуллина Г. Современный музей в Казахстане: «штрихи к портрету» // Дешт-и-Арт Центр/ОО «Лаборатория общественного развития». «MUSEUMстан»: II этап. Сборник материалов по проекту / Составители: Л.Н.Плетникова&Г.М.Сафарова – Караганда: Тенгри Ltd, 2013. – С.78-81.

ӘОЖ: 13.91.00

### **САКРАЛДЫ ГЕОГРАФИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕРТТЕЛУІ**

**Бекеева Гүлия Нұрлыбекқызы**

*Gulia\_96\_10@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Мәдениеттану»

мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Адаева Г.А.

Сакралды сөзінің түп-төркіні латын тілінде жатыр. Еуропалықтар осынау ұғым-түсінікпен өздері ерекше қастерлеген діни, тіпті мистикалық құбылыстарды, күнде көріп жүрген таныс ортадағы өзгеше болмысты, иррационалды дүниені, нысандарды бейнелеген. Күні бүгін де бастапқы мағынасын сақтап келеді. Тап осы себепті дін атаулыны апиын ретінде қабылдаған кеңестік билік сакралды география теориясы мен практикасының адымын аштырмай, жергегінде тұншықтырды. Құранды өртеген, молдалардың сақал-мұртын зорлықпен күзеген, мешіттерді аяусыз қиратқан елде дінге, діни ұғым-түсінікке қатысты орындар қатаң бақылаудан көз ашпай, мүлде басқа мақсаттарға пайдаланылды. Оларды сакралды мәртебесімен айшықтаудың өзі қатерсіз емес еді. Тәуелсіздіктің арқасында ғана бабалар мұрасымен қайта табыстық.

Қазақ халқы сакралды сөзін естімей тұрып-ақ дінді ғана емес, жарық дүниенің тылсым таңғажайыптарын, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастыра алды. Адамдардың күнделікті өміріне қатысты тыйымдарымыздың өзі мән-мағынасы жағынан қоғамдық санадағы, дүниетанымдағы сакралдылық жайлы тұжырымдарымыздың биік деңгейін бейнелейді. Мәселен, табалдырықта тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге тыйымдары шаңырақты, мал-жанды, аруақтарды – екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі. Сакралды географияның пайда болуы себебі мен философиясының түпкөздегені де – осы. Ол төл тарихымыздың қай дәуіріне болсын тән ізгілік, биік рух, болашаққа сенім тәрізді қасиеттермен үндесіп жатыр [1].

Соңғы уақытта еңбектердің көбі сакралды географияның мәселелері туралы жазылып жатыр. Көптеген зерттеушілер сакралды географияның зерттеу ерекшеліктері анық көрініп тұрса да, оны мәдени кеңістікті зерттеу түрлі діни толықтырулармен байланысты мәдени географияның ерекше бөлімі деп есептейді.

Сакралдылықтың шекарасы заманауи мәдениетте нақты бекітілмеген. Бұл ерекшелік әсіресе «көшпелі қозғалыс» кезінде, мәдени және географиялық шекараларды кесіп өтіп, бір мәдени-діни орталықтан екіншісіне өту, яғни әлемнің азаматы, мәдениеттің адамы болу кезінде анық көрінеді.

Әлемде шекарасыз жүру тән діни түрленулер осы мәдени-географиялық процестегі барлық қатысушыларға ерекше міндеттемелерді үстемелейді. Сакралды география туралы көрнекті кітаптардың бірі А.М. Лидовтің «Иеротопия: Пространственные иконы и образы-парадигмы в византийской культуре» кітабы [2].

Еңбек мәдениетте (мысалда Византия өнері) сакралды кеңістікті құрудың тарихы мен теориясына арналған. Ол византиялық және ежелгі орыс храмдарындағы символика мен иконография туралы автордың еңбегі көптеп жалғасатын соңғы жылдардағы зерттеулерге негізделеді. Осыдан ол жаңа методологиялық тәсіл мен көркем мәдениеттің ерекше теориясын көрсетеді. Теорияның негізінде автордың гуманитарлық ғылымға енгізген және кітаптың атауында оқшауланған өзара тығыз байланысты үш ұғым жатыр. Барынша ортақ концепция «иеротопия» болып табылады, яғни сакралды кеңістікті құру шығармашылықтың ерекше аясы және тарихи зерттеулердің дербес саласы ретінде қаралуы тиіс. Кітаптың барлық қолжетімді дереккөздердің негізінде «кеңістіктік иконалардың» нақты жобалары қайта қалпына келтіріліп, тарихи өнердің пәндік әлеміне тап болмастан бұрын «образдар парадигмаларға» тән анықталады және біруақытта көркем мәдениет болмысының тұтастай қабатына жаңа көзқарас ұсынылады.

Кітап авторының пікірінше, осы бағыт бойынша ғылыми жұмыстардың жоқтығы заманауи тілде бұл қызмет аясын анықтайтын сәйкес термин-ұғымның жоқтығымен байланысты. Кеңінен таралған «сакралды кеңістік» термині барлық діни саланы іс жүзінде сипаттай келе, ол тым ортақ сипатта болғанымен тапсырмаға толық деңгейде сәйкес келе алмайды. Бірнеше жыл бұрын жаңа ұғым «иеротопия» ұсынылды. Басқа сөздер сияқты соңғы жүз жылда заманауи санада қалыптасқан (мысалы, иконография) терминнің өзі гректің «иерос» (қасиетті) және «топос» (орын, кеңістік, ұғым) деген сөздерінің бірігуінен құралған. Ұғымның мәні келесі жолдармен қалыптасуы мүмкін: иеротопия – шығармашылықтың ерекше түрі ретінде, сонымен қатар осы шығармашылықтың нақты мысалдары оқшауланатын және талданатын тарихи зерттеулердің арнайы саласы ретінде қарастырылған сакралды кеңістіктің жаратылысы.

Сакралды география зерттеудің айрықша саласын ерекшелеп, мәдени географияның бір бөлігі ретінде қарастырғанына қарамастан, оның басқа «географиялармен» таласы жоқ. Осы жанрда жазылған көптеген жұмыстар мазмұны бойынша толықтай мәдениеттанулық болып табылады және де мәдениетті танудың көркемдік шығарма, діни өнер және діни философия, мәдени-тарихи зерттеулер сияқты салаларын синтездейді.

Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштердің бәрі бірдей сакралды болуы мүмкін емес. Әулиелі, киелі, қасиетті нысандар, әдетте, көп бола бермейді. Негізінде алдымен халықтың ұстанған діні мен діни ұғым-түсініктері жатқандықтан, сонан соң мемлекеттілігі

мен азаттығы бірінші орынға шыққандықтан олар, тарихи генезисі бойынша үш дәуірді бастан кешті: біріншісі – Ұлы далада homo sapiens пайда болғаннан әлемдік дін ислам тарағанға дейінгі дәуір. Бақсылық, тотемизм, тасаттық, Диқан баба, Қамбар ата, т.б. сенім-нанымдар осы дәуірдің сакралды географиясына әсерін тигізді. Екіншісі – ислам діні Ұлы далаға келгеннен беріде бой көтерген әулиелі нысандар. Бұл орайда орта ғасырлардан белгілілері мен кейбір пысықайлардың өз пайдасы үшін аяқ астынан ойлап тапқан нысандарды шатастырмау керек. Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқандықтан Қазақстан діндер мен мәдениеттердің, түрлі өркениеттердің ықпалдастығын бастан өткерді. Біз үшін екі рухани құндылықтың парқы мен нарқы алабөтен. Олар – тәңіршілдік пен ислам. Осы екеуіне қатысты жерлердің, нысандардың, ескерткіштердің болмыс-бітімін анықтап, сакралдыға кіретін-кірмейтінін ғылыми бекемдейтін сәт келді. Отар өлкеге айналғанға дейінгі дәуірлерден жеткен жат діндер мен қазіргі қатерлі діни ағымдар мұрасын сакралды география мәртебесімен танудың реті жоқ. Үшіншісі – қазақ хандығы шаңырақ көтергеннен кейінгі дәуір. Бұл дәуірдегі сакралды нысандарда ұлттық пішін мен мазмұн басым түседі. Тұтастай алғанда, сакралды нысандар адамдарды ұлтына, жынысына, руына, тайпасына қарай алаламай, баршаны адам қалпынан шықпауға үйретеді, оларды жақсылыққа шақырады, алдағы күнге сенімін арттырады. Сакралды география «ақтаңдақтардан» ада емес. Соларды жою – ұлттық тарихты қалың көпшілікке жеткізудің пәрменді тетігі. Өзірге Қызылорда облысындағы Бегім ана мұнарасын, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақсүмбені, Қостанай облысындағы Мұғалім көлін рухани құндылық ретінде әркім мойындай бермейді. Тарихи тұлға Бегім ана, шыққан тегі жайлы әр жылдары Ә.Марғұлан, Ә.Кекілбай, А.Сейдімбек, Ә.Жәмішев, И.Жақанов, т.б. азаматтар зерттеулерін жариялады, аңыз-әңгімелер жинады, құнды-құнды ұсыныстарын алға тартты. Жалпыұлттық мән берілмегендіктен, өкінішке қарай осы сакралды нысан көпшілікке танымал емес. Бірақ қазіргі кезде елімізде сакралды жерлерді зерттеу кеңінен қолға алынып, көптеген жаңалықтар ашылуда. 2017 жылдың 5 шілдесінен бастап, National Geographic Қазақстан мен Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Қазақ ғылыми зерттеу мәдениет институты өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Меморандум жасасты, сол арқылы тараптар ынтымақтастықты кеңейту мен тарих, өнер, мұражай саласында ғылыми-білім беру қызметін бірігіп атқаруға дайын екенін білдірді. Қазіргі уақытта Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен, Қазақстанның жетекші ғалымдарын қатыстыра отырып, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ұсынған идеялардың стратегиялық өзегіне айналатын «Сакралды география» ауқымды жобасы жүргізіледі, - деп, институттың бас директоры Андрей Хазбулатов атап өтті. – Оның мақсаты – Қазақстанның қасиетті жерлерінің бірыңғай мәдени-географиялық белдеуін қалыптастыру, басқа сөзбен айтқанда, қасиетті нысандардың толық картасын жасау.

«Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» жобасын іске асыруда ақпараттық камсыздандыруға маңызды рөл беріліп, жүйелілік талап етіледі. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын айқындау, жобаның білім беру қорын қолдану, Қазақстанның туристік әлеуетін арттыру тұрғысынан сакралды нысандарды көпшілікке тарату қажет. National Geographic Қазақстан – өз тарихын 1888 жылдан бастайтын белгілі ғылыми-танымдық журнал. Әлемдегі ең ірі ғылыми-танымдық және білім беру ұйымы ретінде National Geographic ұлттық аудиторияның қол жеткізген үздік сапасы, ел ішіндегі және оның шекарасындағы көпшіліктің санасына әсер етеді, - деп, жауапты редактор Мақсат Ясылбайұлы айтып берді. – Қазіргі уақытта журнал 38 тілде және әлемнің 80 аса еліне география, табиғат, тарих, ғылым мен мәдениет сынды тақырыптарда таратылады.

Тұңғыш ортақ жобалар ретінде тараптар басым мәселелерді талқылады. Солардың ішінде елдегі қасиетті жерлердің интерактивті онлайн-платформасын қалыптастыру жұмысы, танымал саяхатшы Яцек Палкевичтің «Ұлы Жібек жолы – 2018» экспедициясының ақпараттық қолдауымен, сондай-ақ, Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттау мақсатында деректі фильмдерді жасау [3]. Сонымен қатар «Қасиетті Қазақстан» ұлттық ғылыми

орталығы «Қазақстанның 100 жалпыұлттық сакралды орындары» атты жобаны ұсынған болатын. Бұл орталықтың жетекшісі Берік Әбдуғалиұлы.

«Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы 2017 жылдың мамыр айында ҚР Ұлттық Мұражайында мәдениет және спорт министрілігінің басшылығымен құрылды. Бұл құрылым Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қоғамдық сананы заманауи биікке көтеруге септесетін алты жоба ұсынылғаны белгілі. Соның төртіншісі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша пайда болды. Елбасымыз өзінің мақаласында ұлттың бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу үшін жаһандану әлемінде тарихи және мәдени естеліктердің регенерациялық механизмдерін қалыптастыру қажет екенін атап өтті. Сол себептен Елбасы мәдени-идеологиялық жобаларды, соның ішінде халықтың санасында жалпы ұлттық қасиетті орынды бекіту бойынша «Қазақстанның сакралды географиясы» жобасын шоғырландырды. Елдің барлық аймағында естеліктердің біріккен желісі, Қазақстанның киелі мәдени-географиялық белдеуі құрылады.

Белдеу ұлттық бірегейліктің негізгі тірегі болуы тиіс. Мұнда тек естеліктердің материалдық, заттық жағы ғана емес, киелі орынның сакралды мәнімен байланысты рухани жағы – табыну, тәжім ету объектілері маңызды болып табылады. Тек солар ғана халықтың символикалық қорғанышы, тарихи, сакралды естеліктердің сақталуының қайнар көзі болап табылады. Сондықтан бұл жобаның міндеті - бұл географияның түсінігін, біріккен символикасын және ұлттық иммунитет принциптерін кеңейту. Осы бірігу өзге мәдени әсерлерге және бөтен идеологиялық мәдениеттерге қарсы тұруға көмектеседі. Жобада сакралды объект ретінде ерекше қастерленетін табиғи ландшафтың және мәдени мұра ескерткіштері, дүняуй және діни архитектуралар, мавзолейлер, сонымен қатар Қазақстан халқының жадында құндылық ретінде сақталған, тарихи саяси оқиғалармен байланысты орындар алынады. Бес жылға есептелген «Қазақстанның сакралды географиясы» атты жобаның аясында ғалымдар, тарихшылар, аймақтанушылар, қоғам қайраткерлері кіретін эксперттік кеңес құрылды.

Сакралды орындарды екі деңгейге бөлді: жалпыреспубликалық, ұлттық және жергілікті, аймақтық объектілер. Әр аймақтан жинақталған сакралды орындарды зерттеуді алты категорияға бөлді: табиғи мұраның ерекше қастерленетін ескерткіштері; археологиялық және архитектуралық ескерткіштер; ірі ортағасырлық қала орталықтары және Қазақ хандығының астаналары; тағзым ету орны болып табылатын діни объектілер; тарихи тұлғалармен байланысты сакралды орындар; тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар. Тізімде – Ақмешіт тауы (Ұлытау), Хан-Тәңірі шыңы, Мұзтау шыңы (Алтай), Шарын каньоны, Боралдай және Ыссық сақ қорғаны, Ботай тұрағы, Сарайшық, Сығанақ, Сауран қалалары, Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан-Баб, Айша бибі, Қабанбай батыр кесенелер, Маңғыстау қорымдары мен жерасты мешіттері, Абылай хан алаңы, «Астана-Бәйтерек» және «Қазақ елі» монументі, Вознесенск кафедралы шіркеуі. Еліміздегі ғалымдар осы зерттеулермен тоқталып қоймай, ары қарай жалғастыру үстінде. Қазіргі таңда сакралдылық ұғымы ғылымда қызығушылық тудырып, тек Қазақстандық ғалымдар ғана емес, шетелдік ғалымдар да Қазақстандағы сакралды орындарды зерттеуге ықылас танытып отыр. Сакралды география туралы әлі де молынан ақпарат жинап, том-томдап кітаптар жазылатыны күмәнсіз. Себебі бұл ұғым ғылымда өзектілігі жоғары сала болып отыр.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбжанов Х. Сакралды география // <https://egemen.kz/article/165526-sakraldy-geografiya-ol-ne>
2. Лидов А.М. Иеротопия: Пространственные иконы и образы-парадигмы в византийской культуре кітабы. – Москва, 2009.
3. Mursalimova M. Manas: cultural heritage of humanity // <http://e-history.kz/en/publications/view/2430>